«6D030133-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Кожамбеков Даулет Рысбековичтің-«Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	«6D030133-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Кожамбеков Даулет Рысбековичтің-«Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері»-тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасының жалғасы ретіндегі Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. «8D042-Құқықтану» кадрларды даярлау бағытында «6D030100, 8D04203-Құқықтану; 6D030200, 8D04201-Халықаралық құқық» мамандықтар тобы/білім беру бағдарламалары бойынша докторанттарды дайындау бойынша ізденуші Кожамбеков Даулет Рысбековичтің ұсынылып отырған жұмысы талаптарға сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Мемлекет пен дін арақатынасын зайырлылық қағидаттарына сәйкес реттеуді ғылыми негіздеу өте маңызды. Зайырлы мемлекеттегі мемлекет пен дін арақатынасын конституциялық-құқықтық

			реттеу өзекті мәселесі болып табылады. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуына қатысты мәселелерге ғылыми талдау жасалынған. Зерттеу жұмысы заң ғылымының конституциялық-құқықтық саласының дамуына **елеулі үлес қосады.** Зерттеу жұмысының маңыздылығы **ашылған.**
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Дисссертациялық жұмысты өзі жазу қағидаты **жоғары** деңгейде жазылған. Құқықтық терминдер мен анықтамалар қолданысы жүйелі. Зерттеу мазмұны түсінікті және сауатты әрі нақты жазылған.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыста келтірілген ғылыми нәтижелердің өзектілігі нақты **негізделген**. Зерттеу тақырыбы әр кезеңде әртүрлі зерттелгенімен, әліде ашылмаған сұрақтар бар. Диссертация авторы осы сұрақтарға нақты жауаптар ұсынуы зерттеу жұмысының маңыздылығы мен диссертация жұмысының өзектілігін негіздей түседі.Ішкі бірлік қағидаты, диссертация өзектілігі негізделген.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық **айқындайды**. Диссертация тақырыбының мазмұны мен жоспары өзара үйлесімді. Зерттеу жұмысы құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сай кіріспеден, тоғыз бөлімді қамтитын үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына **сәйкес келеді.** Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет үлгісін қалыптастыру диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты ретінде көрсетіліп,
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	

			осы мақсатқа жету үшін орындалуы тиіс міндеттер ұсынылған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық **толық байланысқан.** Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері қисынды түрде өзара байланысқан. Диссертацияның әр бөлімі мұқият ойластырылған және тақырыптары өзара байланысқан. Зерттеу жұмысы құрылымдағы үш тараудың 1-ші тарауында зайырлы мемлекет туралы теория, ұғымдар, тұжырымдар келтірілген. 2-ші тарауында Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормаларды көрсетілген. Ал 3-ші тарауында Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын қоғамдық қатынастарды құқықтық мәселелеріне зерттеу жүргізген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық зерттеу жұмысында зайырлылық үлгілеріне салыстырмалы талдау жасалынған. Шетел конституцияланындағы зайырлылық ұстанымына қатысты сыни талдау ұсынылған. Зайырлылықтың туралы ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып **сыни тұрғыдан талдау жасалып бағаланған.**
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер мен ережелер/қағидаттар **толығымен жаңа** болып табылады. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуына, мемлекет пен дін арақатынасын зайырлылық қағидаттарына сәйкес үйлесімді

			дамуы мен реттеуге ғылыми негізде үлес қосады. Зайырлы мемлекеттегі азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығын қорғау туралы жаңа идеялары мен тәсілдері ғылыми жаңашылдық көрінісі. Қорғауға ұсынылған жаңашыл ережелер мен нәтижелер дәлелді расталады. Ғылыми нәтижелер мен ережелер алдағы зерттеулер мен заңнамалық бастамалар үшін маңызды ұстаным болып табылады. Зайырлылықтың Қазақстандық үлгісіне қатысты теориялық және тәжірибелік тың ұсыныстар жасалды.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа.** Диссертацияның қорытындылары алға қойған мақсат пен міндеттердің нәтижелеріне сәйкес келеді.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері **толығымен жаңа** және негізделген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	**Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеу жұмысында көрініс тапқан **барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген.** Негізгі қорытындылардың негізділігі зерттеу жұмысының мақсаты, міндеті мен нәтижесіне сай орындалған. Қолданыстағы мемлекеттің дін саласын реттейтін заң нормаларына талдау жасалды, кемшіліктер анықталып, кемшіліктерді жою жолдарын ұсынылды.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **3) кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	**1 тұжырым**. «Зайырлы мемлекет» ұғымына авторлық анықтама берілді. Зайырлы мемлекет түсінігі, қалыптасуы мен құқықтық табиғатын анықтау Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуының негізі екендігі көрсетілген. 7.1 1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер дәлелденді**. 7.2 2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.** **2 тұжырым.** ҚР-ның дін саласында қоғамдық қатынастарды зайырлылық қағидаттарына сай реттеуі қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілеріне тән. Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілері негізінде елімізде зайырлылық қағидаттарын ілгерілету ұсынылған. 7.1 1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер дәлелденді**. 7.2 2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.** **3 тұжырым.** Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы әлемдегі зайырлы мемлекеттердің жүріп өткен озық үлгісіне негізделетіндігі көрсетілген. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуы ең алдымен Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар арқылы жүзеге асуы тиіс-деген, ұсыныс жасалған. 7.1 1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер**

			дәлелденді. 7.2 2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.** **4 тұжырым.** Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар: 1) азаматтардың діни-сенімі мен ар-ождан бостандығын қорғау; 2) діни бірлестіктердің заң алдында теңдігі мен мемлекеттің барлық діндерге бейтарап ұстанымы негізінде; 3) мемлекет пен діннің бөлінуі қағидаты тәрізді конституциялық-құқықтық нормалар жүйесін қамтиды-деген, тұжырым жасаған. 7.1 1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер дәлелденді**. 7.2 2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.** **5 тұжырым.** Мемлекет пен діннің бөлінуі қағидаты зайырлы мемлекет қағидаларын талдауды маңызды. Мемлекет пен діннің бөлінуі қағидаты құқықтық қатынастарға қатысушы тараптардың құқықтары мен міндеттерінің шегін белгілеуі тиіс-деген, ұсынған жасалады. 7.1 1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер дәлелденді**. 7.2 2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.** **6 тұжырым.** Діни бірлестіктер азаматтық

			қоғамның бөлігі ретінде мемлекет тарапынан қабылданған зайырлы қағидаттарына сәйкес келетін нормалармен реттелуі тиіс-деген, ұсыныс жасалған. 7.1 1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер дәлелденді**. 7.2 2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.** **7 тұжырым.** Мемлекеттік органдар қабылдаған шешім дін немесе оның өкілдерінің мүддесіне емес, тұтас қоғамның мен мемлекеттің мүддесіне сай қабылдануы тиіс екендігі туралы ұсыныс жасалды . 7.1.1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер дәлелденді**. 7.2.2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.** **8 тұжырым.** Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің зайырлы сипатын қалыптастыруы маңызды екендігі көрсетілген. Қазақстанстан Республикасының білім беру саласы қызметінде қандай да бір діни ұстанымдардан тәуелсіз болуын қамтамасыз ету ұсынылды. 7.1.1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер дәлелденді**. 7.2.2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.**

8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыста әдіснаманы таңдау **негізделген** және егжей-тегжейлі сипатталған. Диссертациялық жұмыстың негізделген әдіснамасы еңбектің ғылыми көзқарасын толық түсінуге мүмкіндік береді. Әдіснама зайырлылық қағидаттарын ілгерілету, діни-сенім және ар-ождан бостандығын қорғаудың конституциялық-құқықтық аспектілерін кешенді талдау арқылы жүзеге асқан. Автор әдіснамалардың бірнеше түрін тиімді пайдаланған. Бұл зерттеу мәселелерін жан-жақты қамтуға, сонымен қатар тұжырымдардың ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Әдістеменің толық сипаттамасы заң саласындағы ғылыми тұжырымдарды толықтыруға және конституциялық-құқықтық саладағы ғылыми зерттеулерге негіз болады.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері сенімді. Бұл автордың заң саласындағы әдебиеттердің, нормативтік материалдардың кең көлемін пайдалану мен ғылыми зерттеудің әртүрлі әдістеріне жүгінгенін көрсетеді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулерді талап етпейді. Сондықтан эксперименттік зерттеулер жүргізілмеді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған.** Диссертациялық жұмыста қазіргі заманғы зайырлы мемлекет мәселелеріне қатысты зерттеулердің нәтижелерін белсенді қолдана отырып, зерттеу тақырыбын терең түсінетіндігін көрсетті. Ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелер дәлелдеудің академиялық анықтылығын көрсетеді. Сонымен қатар диссертациялық зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығын растайды.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті.** Автор пайдаланылған әдебиеттерде отандық, жақын шетел және алыс шетелдік ғалымдардың әдебиеттеріне шолу жасаған. Тақырып аясындағы диссертациялық еңбектер, монографиялар, ғылыми мақалалар тәрізді маңызды дереккөздерге сүйенген. Әдебиеттерді дұрыс таңдау зерттеудің өзектілігі, маңыздылығы, шынайылығын айқындап, тақырыпты нақты қамтуға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыс тақырып аясында пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен әдеби шолуға жеткілікті деңгейде қамтылған.

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **1) бар;** 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы **бар.** Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы ретінде Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуының құқықтық мәнін айқындау арқылы, конституциялық-құқықтық тұрғыда теориялық тұжырым жасауымен ерекшеленеді. Алдағы уақытта диссертациялық жұмыстың нәтижелерін зайырлылық мәселелеріне қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарына, білім беру саласына, ЖОО біліл беру бағдарламаларында пайдаланылуға болады. Сонымен қатар «зайырлы мемлекет» тұжырымдамасын жасауға іргелі ғылыми-теориялық негіз болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;** 2) жоқ.	Диссертацияның тәжирибелік маңызы **бар** және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы ретінде тұжырымдалған ережелер мен қорытындыларды мемлекеттік органдар функционалды міндеттерін атқару барысында мемлекет пен дін арақатынасын құқықтық реттеуде қолдана алады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін зайырлылық қағидаларына сай жетілдіруге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері зайырлылық ұғымын дәлме-дәл әрі біркелкі түсінуге, заң нормаларын құқық қорғау саласында қолдану барысында және сот тәжірибесінде шешім қабылдауға негіз болады. Сонымен қатар діни экстремизмнің алдын-алуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру шараларында зайырлылық қағидаттарын ілгерілету жұмыстарында қолданылады.

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Тәжірибелік ұсыныстар **толығымен жаңа.** Заң ғылымы саласында Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретіндегі үлгісі тың ұсыныс болып табылады. Қазіргі заманда мемлекет пен дін арасындағы қатынастарды зайырлылық қағидаттарына сәйкес реттеуде зайырлылық мәселесіне қатысты тың ұсыныстар жасау заман талабы екендігі көрсетілген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Жазу және ресімдеу сапасы, академиялық жазу сапасы **жоғары.** Мәтіндердің ғылыми стандарттарға сәйкес келетін дәлдігі, дұрыстығы және құрылымы айқын көрсетілген. Сонымен қатар, зерттеу құқықтық талдау көзқарасымен және дереккөздерді сыни тұрғыдан түсінумен сипатталады. Бұл академиялық талқылауды ғылыми негіздеп, тақырыпты жаңа қырынан түсінуге ықпал етеді. Академиялық жазу нақты, тақырып шеңберін інен шықпау ұстанымын сақтай отырып жазылған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Мәтінде техникалық қателер кездеседі. Бұл келтірілген ескертпелер диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертация мақалалар сериясы нысанында емес, диссертациялық жұмыс негізінде қорғалады.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелерді беру қағидалары» талаптарына толық сәйкес келеді. Осыған орай, Кожамбеков Даулет Рысбековичтің «6D030133-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыныс жасауға болады-деп, санаймын.

1. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

Кожамбеков Даулет Рысбековичтің «6D030133-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің
Әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты
жөніндегі проректоры заң ғылымдарының кандидаты,
профессор **Сериев Б.А.**